



БҰЙРЫҚ

10.10.2025

Актоғай ауылы

ПРИКАЗ

№

150

село Актоғай

**Актоғай ауданының білім беру
ұйымдарында 2025-2026 оқу
жылындағы оқушыларды
ыстық тамақпен қамтамасыз
ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

001237

қағидаларын бекіту туралы”, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» бұйрықтарына және Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы XX сессиясының “2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” №234 шешіміне, “Қарағанды облысының білім басқармасы” мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 08 қазандағы №587 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтоғай ауданының орта білім беру ұйымдарының асханаларында “Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 01 қазандағы №618-Ө бұйрығына сәйкес бекітілген маусымдық төрт апталық мәзірді қолдана отырып, тамақтандыруды ұйымдастыру міндеттелсін.
2. Бекітілген перспективалық мәзірге сәйкес білім беру ұйымдарының басшылары күн сайын алдағы күнге мәзірді бекітуге, оны асханада және тамақтану бұрышында теңдестірілген дұрыс тамақтану туралы ақпаратпен орналастыруға (перспективалық мәзір және әр күнге тағамдардың фотосуреттері мектептің интернет-ресурсының тамақтану бөлімінде және Bilimal платформасында) міндеттелсін.
3. “Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну” мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына сәйкес 1-4 сынып және әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 5-11 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілсін.
4. Білім беру ұйымдарына тегін тамақ алған оқушыларды есепке алу үшін аппараттық-программалық кешен немесе “Бизнес-әмиян” арқылы фиксация жасалып, есеп беру функциясымен қамтамасыз етілсін, бұл процесс білім беру саласындағы информатизация объектілеріне қойылатын минималды талаптарға сәйкес жүзеге асырылсын (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы №456 бұйрығы) және ақпаратты автоматты түрде “Әлеуметтік әмиян” ақпараттық жүйесіне жіберу қамтамасыз етілсін.
5. Орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты тұлға бұйрықпен бекітілсін. Аталған тұлға 1-4 және 5-11 сынып оқушыларын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру барысында “Әлеуметтік әмиян” жобасы аясында балалардың тегін тамаққа құқықтарын тіркеуді қамтамасыз етсін. Процесс толық ашықтықпен жүргізіліп, есепке алу автоматтандырылсын, білім алушылар туралы ақпарат уақытылы

- енгізіліп, ҰБДҚда деректер тұрақты негізде жаңартылып, барлық мәліметтер жүйелі түрде бақылауға алынсын.
6. Білім беру ұйымдарының басшылары тамақтану сапасына жүйелі мониторинг жүргізуді және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурстарындағы «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.
 7. Білім беру ұйымдарында буфеттік жүйедегі тамақтандыруды ұйымдастыру мектеп басшыларына жүктелсін.
 8. Мектеп асханаларындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде мектеп асханалары қызметінің тәртібіне қойылатын талаптардың қатаң сақталуын қадағалау мектеп басшыларына жүктелсін.
 9. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау бас маман Г.Дуанбековаға жүктелсін.

Бөлім басшысы



А.Кашимова